ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 06 мамыр №3313-24-00-2/732 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысының десаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов аудандық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
Абзал Жұмағалиұлы /Жеке кәсіпкер «NVT compani»/,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,
3.Мүлікті қайтарып беру /картридж/,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Жетісу облысының десаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов аудандық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны талап арызы қанағаттандырылсын.

Абзал Жұмағалиұлы /жеке кәсіпкер «NVT compani»/ мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп 2024 жылғы 20 ақпандағы №77 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт негізінде танылсын.

Абзал Жұмағалиұлынан /жеке кәсіпкер «NVT compani»/ «Жетісу облысының десаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов аудандық көпсалалы

ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынын пайдасына тұрақсыздық айыбы 69 554 (алпыс тоғыз мың бес жүз елу төрт) теңге, және мемлекеттік баж шығыны 2 087 (екі мың сексен жеті) тенге, өндірілсін.

Абзал Жұмағалиұлы /жеке кәсіпкер «NVT compani»/ «Жетісу облысының десаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Панфилов аудандық көпсалалы ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынын пайдасына 30 (отыз) картридж қайтарып беруі міндеттелсін.

Абзал Жұмағалиұлынан /жеке кәсіпкер «NVT compani»/ мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 3 692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы келтіруі мүмкін.

Судья М.Б.Киргабаков

Документ подписан: Киргабаков М. Б., 15.05.2024

Дата вступления в законную силу: 18.06.2024, судья Киргабаков М. Б., 24.06.2024

3313-24-3-1/704